

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округ әкімінің 2016 жылғы 21 қыркүйектегі № 11 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 19 қазанда № 5107 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округ әкімінің 2017 жылғы 4 қаңтардағы № 1 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округ әкімінің 04.01.2017 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ойыл аудандық аумақтық инспекциясы бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының 2016 жылғы 06 қыркүйектегі № ВО 3-4/134 ұсынысы негізінде Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округ әкімі

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ұсақ мүйізді малдарының арасынан пастереллез ауруының анықталуына байланысты Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округінің Қаратал ауылы аумағында шектеу іс-шаралары белгіленсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Шығанақ Берсиев атындағы
ауылдық округ әкімі*

А. Мубараков